

Б.Ө. АХМЕТКЕРЕЙ,¹
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Қаржы мониторингі комитетінің
басқарма басшысы, докторант.
Қазақстан Республикасы Президенті
жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы¹

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАРЖЫ МОНИТОРИНГІ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа

Экономикалық процестерді жаһандандыру елдер мен мемлекеттердің алдына жаңа талаптар қойды. Қаржы жүйесінің осалдығы дүниежүзілік қауымдастықты адамзаттың экономикалық қауіпсіздігіне қарсы бағытталған қылмыстармен күресудің барынша тиімді тетіктерін қолдануға мәжбүр етеді. Осы тұрғыда әлемнің қаржылық барлау бөлімшелеріне ерекше орын беріледі, Қазақстанда бұл – ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган. Мақалада Қазақстанда ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жүйесінің қалай құрылғандығы туралы сөз болады. Қазақстан Республикасы ратификациялаған ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы конвенциялар мен шарттарға шолу жасалды. «Қаржы мониторингі» ұғымына жүргізілген талдау негізінде қаржы мониторингінің дәл жеке ұғымы қалыптастырылды, ол мыналармен тұжырымдалады: қаржы мониторингі – бақылау, бағалау, болжамдау және ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл жасауға ықпал ететін шешімдер қабылдау процесі. Ақшаны жылыстатумен күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының Халықаралық стандарттарына сәйкестік мәніне Қазақстан Республикасының алда тұрған мониторингіне байланысты мына факторлар негіз құрайтын қаржы мониторингі жүйесін әрмен қарай дамытудың векторлары: алғашқы мониторингіті жүзеге асыратын қаржылық және қаржылық емес ұйымдардың кадрлық әлеуетін жетілдіру, IT саласының үдемелі дамуынан туындайтын қауіп-қатердің және осалдықтың есебі, ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамалық базаны талдау және оның тиімділігін практикада қолдану ұсынылды.

Тірек сөздер: қаржы мониторингі, жаһандану, қарсы әрекет, ақшаны жылыстату, терроризм, баға, болжау, тиімділік.


Халықаралық процестерді жаһандастыру және ақпараттық технологияларды серпінді дамыту жағдайында еліміздің қаржы жүйесі «лас» ақшаның экономикаға құйылуы тұрғысында барынша әлсіз бола түсуде, ол өз кезегінде тұтастай алғанда еліміздің әл-ауқаты мен өсіп-өркендеуіне теріс ықпалын тигізуде. Экономикаға заңсыз ақшаның құйылуы нәтижесінде келеңсіз салдарлар көрініс табууда, олардың қатарында көлеңкелі экономика үлесінің ұлғаюын, мемлекеттік бюджетке салық төлемдерінің толық түспеуін, сыбайлас жемқорлық деңгейінің ұлғаюын, ақыр соңында еліміздің жалпы ішкі өнімі деңгейінің азаюын атауға болады. Жаһандық қылмыстарға қарсы тұру және қаржы жүйесін қорғау үшін Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының халықаралық стандарттарында белгіленген ақшаны жылыстатумен күрестің жедел және реттеушілік шараларын қолдану қажет. Өз кезегінде ФАТФ (FATF – Financial Action Task Force) 1989 жылы Парижде Еуропалық комиссияның қатысуымен «Үлкен жетілік G7» болып құрылды [1]. Осы институтты құру қажеттігі әлемдегі ақша жылыстату ауқымының өсе түсуімен байланысты болды. G7 елдері ақшаны жылыстатумен күресте жекелеген елдердің қарсы іс-қимыл жасауы жеткіліксіз, халықаралық сипаттағы әкімшілік шаралар қажет деген түсінікке келді.

Бүгінгі күні ФАТФ құрылымында ФАТФ-тың 37 мүшесі, оның ішінде ФАТФ (РГТФ) типі бойынша әлемнің ірі қаржы орталықтарына өкілдік ететін 35 ел және 2 өңірлік ұйым, 20-дан астам бақылаушы ұйым мен 9 өңірлік топ бар. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен Ресей Федерациясы ФАТФ-қа мүше болып табылады [2]. 2004 жылы Еуразиялық өңір елдерінде РГТФ – Ақшаны жылыстатумен және терроризмді қаржыландырумен күрес жөніндегі Еуразиялық топ (ЕАТ) құрылды, штаб-пәтері Мәскеу қаласында (Ресей Федерациясы)

орналасты және және 9 елді біріктірді. ЕАТ құрамына: Беларусь, Қытай, Үндістан, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан кірді [1].

Қазақстанның ЕАТ-қа мүшелігі ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша саясат жүргізуде және іске асыруда зор жауапкершілік жүктейді.

Ақшаны жылыстатумен және терроризмді қаржыландырумен күресте бастапқы нүкте 1998 жылы Қазақстанның Есірткі заттарының және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы БҰҰ конвенциясына қосылуы болып есептеледі [3]. Содан кейінгі он жыл аралығында еліміз конвенциялар мен халықаралық шарттарды ратификациялады, ақпарат 1-суретте беріліп отыр.



Сурет 1 – Тәуелсіз Қазақстан ратификациялаған конвенциялар мен шарттар

Ескертпе – <http://kfm.gov.kz> деректері негізінде жасады.

Осылайша қаржы мониторингі жүйесінің институционалдық және құқықтық тетіктері жүйесінің ресми түрде 2009 жылы енгізілгеніне қарамастан оны құрудың құқықтық алаңы анағұрлым ерте басталды деп белгілеуге болады.

Қаржы мониторингі жүйесі туралы айтқанда осы ұғымды құрайтын негізгі анықтамаға тоқтаймыз. Біздің зерттеу шеңберімізде «қаржы мониторингі жүйесі» және «ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жүйесі» ұғымдарының қаншалықты теңбе-тең бола алатынын айқындауды ұсынамыз.

Біздің ойымызша, қаржы мониторингі жүйесі ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету құралдарының бірі болып табылады.

«Қаржы мониторингі» термині Қазақстанда «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) қабылдануымен ресми енгізілді. Заң шығарушы «қаржы мониторингі – уәкілетті орган және қаржы мониторингі субъектісі жүзеге асыратын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және пайдалану жөніндегі шаралар жиынтығы» деп айқындады [4].

Осылайша, қаржы мониторингі – бұл шаруашылық қызметі субъектілерінің жасайтын ақша операцияларының барлық тізбегін бақылау, қадағалау және бағалау бойынша объектінің алдын ала қабылдайтын экономикалық және құқықтық шаралар кешені. Бұл ретте ақшалай транзакциялардың заңды не «таза» болуы да, сондай-ақ шамамен елдің жалпы ақша массасына құю жолымен оларға заңды шығу тегін беру мақсатында заңсыз ақшаны жылыстатуға бағытталған болуы да мүмкін.

Бірқатар ғалымдар «қаржы мониторингі» түсінігі жақында пайда болған деп санайды және оны ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру сияқты құбылыспен байланыстырады. М.М. Прошуниннің пікірінше, ақшаны жылыстатумен және терроризмді қаржыландырумен

байланысты болуы мүмкін қадағалау не бақылау қаржы мониторингін қаржы бақылауының кезекті түріне жатқызуға құқық береді [5], Е.И. Кузнецова мен С.С. Гамоненко [6], қаржы мониторингін мемлекет тарапынан экономикадағы ағымдық өзгерістерді қадағалау бойынша іс-қимыл жүйесі ретінде қарастырады. Қаржы мониторингі институт ретінде ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл шеңберінде ресейлік құқықтық заңнамада бекітілді, ол оны экономикалық қызметтің басқа салаларында да қолдануға мүмкіндік береді деп есептейді.

Осылайша, елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды мемлекеттік органдардың жүзеге асыруы шеңберінде қаржы мониторингі бақылау, бағалау, болжамдау және ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимылға мүмкіндік туғызатын шешімдер қабылдау процесін білдіреді. Шетелдік авторлар М. Levi, Р. Reuter, Т. Halliday [7] пікірінше, қаржы мониторингі саласындағы зерттеулер сапалы көрсеткіштердің жоқтығына қарай ұлттық деңгейде де, сондай-ақ жаһандық деңгейде де жылыстатылған ақшаның көлемі бойынша нақты деректерді көрсетпейді. Қаржы мониторингінің ұлттық жүйесін бағалау кезінде елдің көлеңкелі экономикасының деңгейіне ықпал ететін көрсеткіштермен, сондай-ақ ақшаны жылыстатумен күрес бойынша шаралар қабылдау нәтижесімен өзара байланыспайтын тек сандық деректермен ғана есепке алынады.

Қаржы мониторингі жүйесі болжамдау, бақылау, бағалау және ақшаны жылыстатуға қарсы ақшаны жылыстатуға жол бермеу бойынша белгілі бір шешімдер қабылдау рәсімдерінің жиынтығынан және осы рәсімдерді жүзеге асыратын органдардан тұрады.

Қаржы мониторингінің ұлттық жүйесі үшін 2018 жыл мерейтойлық жыл болып табылады, еліміздің қаржы барлау бөлімшелерінің және оған қатысушылардың қызметіне 10 жыл толады. 2008 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қаржы министрлігінің құрамында Қаржы мониторингі комитеті құрылды (Комитет) [8]. Комитеттің негізгі міндеттерінің бірі қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру, елдің мемлекеттік органдарымен және шетелдік мемлекеттермен өзара іс-қимылды жүзеге асыру болып табылды.


2009 жылғы тамызда «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңы (Заң) қабылданды, соған сәйкес:

- ◆ қаржы мониторингі субъектілерінің тізбесі (ҚМС);
- ◆ қаржы мониторингіне жататын операциялардың түрі және сомасы;
- ◆ күдікті операцияларды айқындау критерийлері;
- ◆ ҚМС-тің клиенттерін тиісінше тексеру шараларын жүзеге асыру жағдайлары;
- ◆ ҚМС-ке қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтерді беру мерзімі және тәртібі;
- ◆ терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне ұйымдар мен тұлғаларды қосу негіздері;
- ◆ Комитеттің құқық қорғау органдарына ақпарат жіберу мерзімі және жағдайлары;
- ◆ Комитеттің мақсаты, функциялары, құқығы және міндеттері;
- ◆ тиісті мемлекеттік органдардың міндеттері;
- ◆ шет мемлекеттердің құзырлы органдарымен Комитеттің өзара іс-қимыл жасау жағдайлары [4].

КЖ/ТҚҚ жүйесін әрмен қарай жетілдіру және ФАТФ халықаралық стандарттарына сәйкестендіру мақсатында негізгі Заңға 20-дан астам өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың толықтай ФАТФ халықаралық стандарттары талаптарында құрылған сірә, бірден-бір жалғыз заңнама болғандығын атап өткен маңызды. Осы заңнаманың айрықша ерекшеліктерінің тағы бірі Комитет пен ҚМС-тің өзара іс-қимылы «әріптестік қатынастарда» құрылу фактісі болып табылады, яғни факт бойынша Комитетте бақылау және қадағалау функциялары жоқ. Комитет тек реттеуші мемлекеттік органдар мен қаржы мониторингі субъектілері арасындағы жол көрсетуші болып табылады. Дегенмен, Комитет ҚМС тарапынан заңнаманың бұзылғаны табылған жағдайда мемлекеттік

органға хабарландыру жіберу құқығына ие болады. Қазақстанның қаржы мониторингі жүйесіне қатысушылардың өзара іс-қимылының схемалық құрылымы сурет 2-де берілді.



Сурет 2 – Қазақстан Республикасында қаржы мониторингі жүйесіне қатысушылардың өзара іс-қимылы

Ескертпе – Автор ҚЖ/ТҚҚ туралы ҚР Заңы негізінде жасады.

Сурет 1-де көрсетілгендей, Комитеттің барлық қатысушылармен өзара іс-қимылы «кері байланыс» қағидатына негізделеді, ол мынадай факторлардың болуымен түсіндіріледі.

1. ҚМС-пен өзара іс-қимыл. Қаржы мониторингі субъектілері белгіленген мерзімде Комитетке қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпарат береді. Өз кезегінде Комитет жекелеген жағдайларда 3 жұмыс күні аралығында ақпарат беруге міндетті ҚМС-тен алынған ақпаратқа талдауды сапалы жүргізу үшін қосымша ақпарат сұратады.

2. ҚЖ/ТҚҚ туралы заңнаманы ҚМС-тың сақтауын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл. ҚЖ/ТҚҚ саласындағы үйлесімді және тиімді іс-қимыл жасау мақсатында Комитет пен қадағалау органдары арасында ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы екі жақты келісімге қол қойылды. Бұдан өзге Комитет Заң шеңберінде тиісті реттеуші мемлекеттік органдарға ҚЖ/ТҚҚ саласындағы заңнаманы ҚМС-тің бұзғандығы хабарламасын жібереді.

3. Қоғамдық ұйымдармен, заңды тұлғалардың бірлестіктерімен өзара іс-қимыл. Комитет тұрақты негізде ҚМС-пен жұмыс жүргізеді, өзара іс-қимыл туралы келісімге қол қояды, соның шеңберінде ҚМС жауапты тұлғаларының ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында біліктілігін арттыру бойынша бірлескен іс-шаралар жүргізіледі.

4. Шет мемлекеттердің қаржы барлау бөлімшелерімен өзара іс-қимыл.

2011 жылдан бастап Комитет Эгмонт тобының толық құқылы мүшесі. Эгмонт әлемнің қаржылық барлау бөлімшелерінің бірлестігі болып табылады, осы топқа мүшелік топ мүшелеріне байланыстың қорғалған арналары бойынша ақпарат алмасуға мүмкіндік береді.

Осылайша, Комитет нақты уақыт режимінде шетелдік қаржы барлау бөлімшелерімен сұрау салу-жауаппен алмасуды жүзеге асырады. Бұдан басқа, жедел шешімдер қабылдау және жүзеге асырылатын қызметтің нәтижелілігін арттыру үшін Комитет әлемнің 33 қаржы барлау бөлімшесімен өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумдар жасады.

5. Комитеттің Алматы қаласы бойынша Қаржы мониторингі департаментімен өзара іс-қимыл. Комитеттің құрылымдық бөлімшесін құру Алматыда ҚМС болып табылатын барлық жүйе құрушы қаржы институттарының шоғырланғандығымен байланысты болды. Қаржы мониторингі жүйесі жұмыс істеген алғашқы кезеңде түсіндіру жұмыстарын жүргізу іс жүзінде

әрбір ҚМС-пен жүйелі және кезеңдік жұмыстарды талап етті. Бұл ретте Департамент қызметі негізгі рөл атқарды, оның алаңында ҚМС-ті техникалық қамтамасыз ету, жаңа заңнаманы, Халықаралық стандарттар талаптарын түсіндіру бойынша көптеген консультациялар мен кездесулер өткізілді.

6. Құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл мынадай түрде жүзеге асырылады. Комитет ҚМС-тен алынған күдікті операция туралы ақпаратқа және операция ақшаны жылыстатумен және терроризмді қаржыландырумен байланысты деп болжауға жеткілікті негіздердің болуына мұқият талдау жүргізгеннен кейін ақпаратты Бас прокуратураға жібереді, ол 8 сағаттың ішінде осы ақпаратты құзыреттері бойынша арнаулы мемлекеттік органдарға жібереді. Өз кезегінде арнаулы мемлекеттік органдар 48 сағаттың ішінде қабылданған шешім туралы Бас прокуратура мен Комитетті хабардар етеді. Бұдан әрі Комитет арнаулы құқық қорғау органдарының шешімін ҚМС-ке жеткізеді.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келгенде, Комитет қаржы мониторингінің ұлттық жүйесінде құқықтық негіздердің шектелуімен оған қатысушылардың бір-бірімен өзара әрекеттесуге қабілетсіздігіне қарай олардың жедел, тиімді өзара байланысын қамтамасыз етуге бейімделген байланыстырушы буын болып табылады.

Сонымен, КЖ/ТҚҚ жүйесіне қатысушылар жұмысының жөнге салынғандығы, қажетті құқықтық негіздің болуы Қазақстан Республикасында банк жүйесінің шынайылығын барынша қамтамасыз етуге, қолма-қол ақшамен операциялар бойынша талаптарды қатайтуға, ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға байланысты болуы мүмкін күдікті операцияларға бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді деп көрсетуге болады.

Қаржы мониторингі жүйесін дамытудың стратегиялық бағыттары:

- ◆ КЖ/ТҚҚ саласындағы саясатқа жауапты тұлғалардың кәсібилігін және біліктілігін арттыру;

- ◆ серпінді даму жағдайында ақпараттық технологиялар саласында қаржы мониторингі жүйесіне қатысушыларды әрмен қарай жетілдіру;

- ◆ банктік және өзге қаржылық инфрақұрылымдарды пайдалана отырып ақша қаражатының заңсыз әкетілу көлемін қысқарту;

- ◆ Қазақстанда ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жүйесінің жұмыс істеу нәтижелілігін ЕАТ халықаралық сарапшыларының алда тұрған бағалауына дайындалу.

Қазақстан Республикасында осындай мәселелердің шешілуі ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жүйесінің жұмыс істеуінде нәтижелілікті арттыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Росфинмониторинг ресми сайты: <http://www.fedsfm.ru/activity/fatf>.

2 ФАТФ ресми сайты: <http://www.fatf-gafi.org/countries/#FATF>.

3 ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z980000246>.

4 ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z090000191>.

5 Прошунин М.М. Финансовый мониторинг как вид финансового контроля // Вестник Томского государственного университета. – 2010: <https://cyberleninka.ru/article/n/finansovyy-monitoring-kak-vid-finansovogo-kontrolya>.

6 Кузнецова Е.И., Гамоненко С.С. Финансовый мониторинг как метод контроля в управлении экономической безопасностью // Вестник Московского университета МВД России: <https://cyberleninka.ru/article/n/finansovyy-monitoring-kak-metod-kontrolya-v-upravlenii-ekonomicheskoy-bezopasnostyu>.

7 Levi M., Reuter P., Halliday Crime T., Law and Social Change. Can the AML system be evaluated without better data?: <https://link.springer.com/article/10.1007/s10611-017-9757-4>.

8 ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: http://adilet.zan.kz/rus/docs/P080000387_#z1.

Аннотация

Глобализация экономических процессов ставит перед странами и государствами новые вызовы. Уязвимость финансовых систем заставляет мировое сообщество предпринимать более эффективные механизмы борьбы с преступлениями, направленными против экономической безопасности человечества. В данном ключе особая роль отводится подразделениям финансовой разведки мира, в Казахстане – это уполномоченный орган по финансовому мониторингу, осуществляющий противодействие отмыванию денег и финансированию терроризма. В статье речь идет о том, как в Казахстане была создана система противодействия отмыванию денег и финансированию терроризма. Проведен обзор конвенций и договоров в области противодействия отмыванию денег и финансированию терроризма, ратифицированных Республикой Казахстан. На основе проведенного анализа определения «финансовый мониторинг» выработано собственное понимание финансового мониторинга, которое заключается в следующем: финансовый мониторинг – процесс наблюдения, оценки, прогнозирования и принятия решений, способствующих противодействию отмыванию денег. Предложены дальнейшие векторы развития системы финансового мониторинга, основу которых составили следующие факторы: совершенствование кадрового потенциала финансовых и нефинансовых организаций, осуществляющих первичный мониторинг, учет угроз и уязвимостей, возникающих от форсированного развития сферы IT, анализ законодательной базы в сфере противодействия отмыванию денег и финансированию терроризма и эффективности его применения на практике в связи с предстоящим мониторингом Республики Казахстан на соответствие Международным стандартам Группы разработки финансовых мер борьбы с отмыванием денег.

Ключевые слова: финансовый мониторинг, глобализация, противодействие, отмывание денег, терроризм, оценка, прогнозирование, эффективность.

Abstract

The globalization of economic processes poses new challenges to countries and states. The vulnerability of financial systems makes the world community take more effective mechanisms to combat crimes against the economic security. On this occasion, a special role is assigned to the financial intelligence units around the world, in Kazakhstan it is an authorized agency on financial monitoring, that carrying out counteraction to money laundering and terrorism financing. The article deals with how the system of combating money laundering and financing of terrorism was created in Kazakhstan. Conventions and treaties in the field of combating money laundering and terrorist financing, ratified by the Republic of Kazakhstan, have been reviewed. Based on the analysis of the definition of «financial monitoring», we have developed our own understanding of financial monitoring, which is: financial monitoring - the process of monitoring, evaluating, forecasting and making decisions that contribute to countering money laundering. The following vectors were proposed for the development of the financial monitoring system, based on the following factors: improving the human resources of financial and non-financial organizations which are performing primary monitoring, taking into account the threats and vulnerabilities arising from the accelerated development of the IT sphere; analyzing the legislative framework in the field of combating money laundering and financing of terrorism and effectiveness of its application in practice, in relation of the upcoming monitoring of the Republic of Kazakhstan for compliance with the International one standards of the Financial Action Task Force on Money Laundering.

Key words: financial monitoring, globalization, counteraction, money laundering, terrorism, evaluation, forecasting, efficiency.